Бұл аспап егер олар бақылауда болмаса немесе олардың қауіпсіздігі үшін жауапты адамға аспапты қолдану туралы нұсқамалық берілмесе, физикалық, сенсорлы және ақыл-ой қабілеттері төмен немесе тәжірибесі немесе білімі жеткіліксіз адамдарға (оның ішінде балаларды) пайдалануға арналмаған.

- Балалардың құрылғымен ойнамауын қадағалап отыру керек.
- Барлық қаптама материалдары балалардың қолы жетпейтін жерде сақталуы керек. Тұншығып қалу қаупі бар.
- Қызмет ету мерзімі аяқталған аспапты қолдануға жарамсыз күйге келтіріңіз. Аспапты электр желісінен ажыратыңыз, қуат баусымын мүмкіндігінше аспапқа жақын кесіңіз және балалардың ойнауын және электр тоғының соғуын немесе мұздатқыштың ішінде қамалып қалуын болдырмас үшін есігін алып тастаңыз.
- Егер сіз ілгек ысырмасы бар ескі аспаптың орнына бұл аспапты магниттік тығыздамамен орнататын болсаңыз, балалар аспаптың ішінде жабылып қалмауы үшін ысырманы сындырыңыз немесе алып тастаңыз.

Жалпы қауіпсіздік талаптары



ЕСКЕРТУ! Құрылғы тұрмыстық және ұқсас ортада қолдануға арналған, мысалы:

- дүкендердегі, кеңселердегі және басқа жұмыс орындарындағы қызметкерлерге арналған ас үй бөлмелері;
 - саяжайларда, фермерлік ғимараттарында және клиенттердің қонақ үйлерде, мотельдерде және басқа тұрғын үй-жайларда пайдалануына;
 - «төсек және таңғы ас» түріндегі қонақ үйлерде;
 - тамақтандыру қызметтері және бөлшек саудаға байланысты емес соған ұқсас қолдану.
- **ЕСКЕРТУ!** Тез тұтанатын газы бар аэрозольды баллондар сияқты жарылғыш заттарды аспаптың ішінде сақтамауға болмайды.
 - **ЕСКЕРТУ!** Қауіпті жағдай туғызбас үшін зақымдалған қуат баусымын өндіруші, уәкілетті қызмет көрсету орталығы немесе білікті маман ауыстыруы керек.

-
- **ЕСКЕРТУ!** Аспаптың желдету саңылауларын жаппаңыз және аспап кіріктірілген асүй жиһазын тазалықта ұстаңыз.
 - **ЕСКЕРТУ!** Жібіту процесін жеделдету үшін өндіруші ұсынғаннан басқа механикалық құрылғыларды немесе басқа құралдарды пайдаланбаңыз.
 - **ЕСКЕРТУ!** Салқындату контурының зақымдануына жол бермеңіз.
 - **ЕСКЕРТУ!** Өндіруші оларды ұсынбаған жағдайда, азық-түлік сақтау бөлімінің ішінде электр құрылғыларын пайдаланбаңыз.
 - **ЕСКЕРТУ!** Салқындатқыш агент және оқшаулағыш газ тез тұтанғыш. Пайдаланылған аспапты пайдаланылған техниканы қабылдау пунктіне өткізіңіз. Аспапты оттың әсеріне ұшыратпаңыз.
 - **ЕСКЕРТУ!** Аспапты орнатқан кезде қуат баусымы қысылып немесе зақымдалып қалмағанын қадағалаңыз.
 - **ЕСКЕРТУ!** Аспаптың артына көп розеткалы ұзартқыштарды және тасымалданатын қуат көздерін орнатпаңыз.

Ішкі жарықтандыру шамдарын ауыстыру

- **ЕСКЕРТУ!** Ішкі жарықтандыру шамдарын өздеріңіз ауыстырмаңыз. Егер шам жұмыс істемесе, сервистік орталыққа хабарласыңыз.

Бұл ескерту ішкі жарықтандыру шамдарымен жабдықталған тоңазытқышқа жатады.

Салқындатқыш агент

Аспаптың салқындатқыш тізбегінде қоршаған ортаға қауіпсіз, бірақ тез тұтанатын газ изобутан (R600a) бар. Аспапты тасымалдау және орнату кезінде салқындату тізбегінің құрамдас бөліктері зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Салқындатқыш агент (R600a) тез тұтанғыш зат болып табылады.

- **ЕСКЕРТУ!** Аспаптың құрамында салқындатқыш агент және оқшаулағыш қабатта газ бар. Салқындатқыш агент және газ тиісті түрде кәдеге жаратылуы тиіс, себебі олар көздің жарақаттануына немесе тұтануға алып келуі мүмкін.

Кәдеге жарату алдында салқындату контурының түтігі зақымдалмағанын тексеріңіз.



белгісі ескерту болып табылады және салқындатқыш агент және оқшаулағыш қабаттағы газ тез тұтанатындығын көрсетеді.

ЕСКЕРТУ! Тұтану/тез тұтану заттарының қауіпі.

Егер салқындату тізбегі зақымдалған болса:

- Ашық от және тұтану көздерінен аулақ ұстаңыз.
- Аспап орналасқан жайды жақсылап желдетіңіз. Аспаптың конструкциясына кез келген өзгертулерді енгізу қауіп төндіруі мүмкін. Қуат баусымын кез келген зақымдау қысқа тұйықталуды, өртті және /немесе тоқтың соғуын тудыруы мүмкін.



Электр қауіпсіздігі

1. Қуат баусымын ұзартуға тыйым салынады.
2. Қуат баусымының ашасы зақымдалмағанын тексеріңіз. Зақымдалған аша қызып кетуі және өртті тудыруы мүмкін.
3. Желілік аша әрқашан қол жетімді екендігіне көз жеткізіңіз.
4. Қуат баусымын тартпаңыз.
5. Егер розетканың ағытпалары әлсіреген болса, ашаны розеткаға салмаңыз. Электр тоғының соғу немесе өрттің туындау қауіпі бар.
6. Аспапты ішкі жарық шамының қақпағысыз пайдалануға тыйым салынады.
7. Аспап 220-240 В, 50Гц бір фазалы айнымалы тоқ желісімен жұмыс істейді. Егер желідегі кернеу аталған параметрлерге сәйкес келмесе, қуаты 350 Вт асатын автоматты кернеу тұрақтандырғышын орнату керек. Аспап басқа электр аспаптары қосылмауы тиіс жеке розеткаға қосылуы тиіс. Қуат баусымының ашасы жерлендіргіш жетекпен жабдықталуы тиіс розеткаға сәйкес келуі тиіс.

Пайдалану

- Тұтанғыш газдарды немесе сұйықтықтарды аспаптың ішінде сақтамаңыз, себебі жарылыс қауіпі бар.
- Мұздатқыш камераның ішінде қандай да бір электр аспаптарды, мысалы, электрлі балмұздақ жасаушыларды және миксерлерді пайдаланбаңыз.
- Желілік розеткадан ажыратқан кезде әрқашан ашасынан ұстаңыз және желілік баусымынан тартпаңыз.
- Тоңазытқыштың пластикалық бөлшектерінің жанына ыстық заттарды қоймаңыз.
- Өнімдерді аспаптың артқы қабырғасындағы желдету саңылауларына жақын орналастырмаңыз.
- Өнеркәсіптік мұздату өнімдерін өндірушінің нұсқауларына сәйкес сақтаңыз.
- Өнімдерді сақтауға қатысты аспап өндірушісінің ұсыныстарын орындаңыз. Осы нұсқаулықтың тиісті бөлімдерін қараңыз.
- Газдалған немесе көпіршікті сусындарды мұздатқыш камераның ішіне қоймаңыз, себебі бұл ыдысқа қысымды күшейтеді және жарылыс тудыруы және аспапты зақымдауы мүмкін.
- Өнімдерді мұздатқыш бөліктен алғаннан кейін бірден тұтынбаңыз. Суықпен күйіп қалу қауіпі бар.
- Аспапты тікелей күн сәулесінің астында орнатпаңыз.
- Аспапты өртемеу үшін жанып тұрған шырағдандарды, шамдарды және басқа ашық от көздерін одан қашық ұстаңыз.
- Аспап осы нұсқаулықта сипатталғандай үйде қолдану үшін әдеттегі аспап ретінде өнімдерді және/немесе сусындарды сақтауға арналған. Аспап ауыр. Оны жылжитқанда абай болыңыз.
- Мұздатқыш камерадан заттарды сулы немесе дымқыл қолмен қозғалтуға немесе ұстауға болмайды. Бұл жарақатқа және / немесе суық күйікке алып келуі мүмкін.
- Аспаптың түбін, оның жәшіктерін және есіктерін баспаңыз және оларды тірек ретінде қолданбаңыз.
- Бір рет жібітілген өнімдерді екіншілік мұздатуға тыйым салынады.
- Мұздатқыштан балмұздақты және мұз текшелерін алғаннан кейін бірден тұтынбаңыз. Сіз аузыңызды немесе ерініңізді суықпен күйдіріп алуыңыз мүмкін.

- Сөрелер мен контейнерлердің құлауын, жарақаттануды және аспаптың зақымдануын болдырмас үшін көкөністер мен жемістерге арналған есік сөрелері мен контейнерлерді артық жүктемеңіз.

Назар аударыңыз!

Тазалау және күтімі

- Қызмет көрсетуді жүргізу алдында аспапты электр желісінен сөндіріңіз және қуат баусымының ашасын розеткадан алыңыз.
- Аспапты тазалау үшін металл заттарды, бумен тазалағыштарды, эфир майларын, органикалық еріткіштерді және абразивтік тазартқыш құралдарды қолданбаңыз.
- Мұзды кетіру үшін үшкір металл заттарды қолданбаңыз. Пластик қырғышты қолданыңыз.

Маңызды!

Орнату

- Электр желісіне қосқан кезде осы нұсқаулықтың нұсқауларын орындаңыз.
- Қаптаманы алыңыз және аспаптың зақымдануын тексеріңіз. Зақымдану анықталған кезде аспапты желіге қоспаңыз және сіз аспапты сатып алған сауда ұйымына хабарласыңыз. Бұл жағдайда қаптаманы сақтап қойыңыз.
- Аспапты электр желіге қосуға дейін шамамен 4 сағат үзіліс жасау ұсынылады – бұл компрессорға майдың ағуы үшін керек.
- Қызып кетуді болдырмас үшін аспаптың айналасында жеткілікті ауа айналымын қамтамасыз ету керек. Орнату жөніндегі тиісті бөлімді қараңыз.
- Аспаптың артқы орналасқан қыздырғыш компоненттер (компрессор, конденсатор) қабырғаға тимейтіндей түрде орналастырыңыз. Өрт қауіпі бар. Орнату жөніндегі бөлімнің нұсқауларын орындаңыз.
- Аспап плиталарға және жылыту радиаторларына жақын орналастырмаңыз.

- Аспапты орнатқаннан кейін желілік аша әрқашан қол жетімді болып қалатындығын тексеріңіз.

Қызмет көрсету

- Сервистік қызмет көрсету бойынша кез келген электр жұмыстарын тек уәкілетті қызмет көрсету орталығының білікті мамандары немесе басқа уәкілетті тұлғалар орындауы тиіс.
- Осы аспапқа уәкілетті қызмет көрсету орталығының білікті қызметкерлері ғана қызмет көрсетуі тиіс. Жөндеу барысында тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер қолданылуы тиіс.
 - 1) Егер аспап Frost Free технологиясымен жабдықталса,
 - 2) Егер аспапта мұздатқыш камера болса.

Орнату


Аспапты бірінші рет қолдану алдында келесі ақпаратпен танысу керек.

Аспапты желдету



Жұмыстың тиімділігін, энергияны үнемдеуді арттыру және аспаптың қызып кетуін болдырмас үшін оның айналасында жеткілікті желдетуді қамтамасыз ету керек. Бұл үшін аспаптың айналасында жеткілікті бос кеңістік болуы тиіс.

Кеңес. Төмендегі суретте көрсетілгендей аспаптың артқы жағынан қабырғаға дейін 50-70 мм және бүйір және жоғарғы жақтарынан 100 мм кем емес қашықтықты және есігін 115° ашуға мүмкіндік беру үшін алдыңғы жағынан бос кеңістікті қалдыру керек.



Ескертпе


Аспап SN бастап ST дейінгі класс диапазонына жақсы жұмыс істейді. Аспап белгіленген диапазоннан жоғары немесе төмен температуралар кезінде ауытқулармен жұмыс істейтін болады.

Климаттық класс	Қоршаған орта температурасы
SN	+10 °C бастап +32 °C дейін
N	+16 °C бастап +32 °C дейін
ST	+16 °C бастап +38 °C дейін

- Ылғалдың жағымсыз әсерін болдырмас үшін аспапты құрғақ жерде орнатыңыз.
- Аспапқа тура күн сәулесінің, жаңбырдың және аяздың әсеріне жол бермеңіз. Аспапты плиталар, жылытқыштар және ашық от көздері сияқты жылу көздерінен қашық жерде орнатыңыз.

Теңестіру

- Аспап тегіс және тұрақты тұруы үшін және аспаптың төменгі бөлігінде жеткілікті ауа айналымын қамтамасыз ету үшін тағандардың биіктігін қолмен немесе гайкалы кілтпен реттеңіз.
- Аспаптың есігі өздігінен жабылуы үшін аспаптың жоғарғы бөлігін шамамен 10 мм артқа қарай қисайтыңыз.



Есіктерді қайта ілу

Таңдалған орнату орнына байланысты есікті оң жақтан емес (зауыт-өндірушіде орнатылған), сол жақтан ашылатындай етіп ілуге болады.

Ескерту! Есікті қайта ілу алдында аспапты электр желісінен сөндіріңіз. Қуат баусымының ашасы розеткадан ажыратылғанына көз жеткізіңіз.


Қажетті құрал

Жиынтыққа кірмейді	
	
Тұғыр кілт 8 мм	Тегіс бұрауыш
	
Крест тәрізді бұрауыш	8 мм гайкалы кілт

Егер сізге тоңазытқыштың негізіне рұқсатты қамтамасыз ету керек болса, оны артқа еңкейтеііз және аспаптың артқы жағына зақым келтірмеу үшін жұмсақ көбік материалға қойыңыз. Есікті қайта ілу үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

Әртүрлі модельдерге әртүрлі суреттер сәйкес келеді. Модельдердің атаулары суреттерде көрсетілген. Егер бөлшек суретте көрсетілмесе, тиісті сипаттаманы өткізіп жіберіңіз.

1. Тоңазытқышты тігінен қойыңыз. Жоғарғы есікті ашыңыз, оларды зақымдап алмас үшін оларды алып қойыңыз және есікті жабыңыз.



2. Тоңазытқыштың оң жағынан бөлшекті 1 бұрап алыңыз және бөлшекті 2 алыңыз.



3. Бұранданы 1 бұрап алыңыз және топсаны 2 алыңыз. Дисплей бар модель: топсаның 2 саңылауы арқылы ағытпаның сымын 3 суырып алыңыз (жоғарғы есікті қолмен ұстап тұрыңыз).

- (1) Арнайы ернеменкті бұрандалар
(2) Жоғарғы топса



Дисплейсіз модель

- (1) Арнайы ернеменкті бұрандалар
(2) Жоғарғы топса
(3) Электрлі ағытпа




Дисплейі бар модель

4. Жоғарғы топсаны көтеріп, ортаңғы 6. Дисплей бар модель: есіктің жоғарғы топсайдан алыңыз. Есікті жұмсақ бетке қақпағының сол жағынан бөлшекті 1 алыңыз және жоғарғы қақпағын жоғары қаратып қойыңыз. Бөлшекті 2 суырып алыңыз. Бөлшекті 3 алыңыз және есіктің жоғарғы қақпағының оң жағынан бөлшекті 4 орнатыңыз. Есіктің жоғарғы қақпағының сол жағынан бөлшектерді 3 және 4 орнатыңыз. Есіктің жоғарғы қақпағының оң жағынан бөлшекті 1 орнатыңыз.



Дисплейсіз модель: бұл тармақты өткізіп жіберіңіз.

- (1) Бұрыштық қақпақ (сол жақта)
- (2) Электрлі ағытпа (сол жақта)
- (3) Бұрыштық қақпақ (оң жақта)
- (4) Электрлі ағытпа (оң жақта)




5. Дисплей бар модель: қапшықтан қақпақты (оң жақ) алыңыз және оны тоңазытқыштың жоғарғы бөлігінің оң жағындағы бұрандалы саңылауды жабыңыз. Тоңазытқыштың жоғарғы бөлігінің сол жағындағы бұрандалы саңылаудан қақпақты (сол жақ) алыңыз және қапшыққа салыңыз. Дисплейсіз модель: сол жағындағы бұрандалы саңылаудан қақпақты алыңыз және оң жағына орнатыңыз.


Дисплей бар модель



7. Бұранданы 3 бұрап алыңыз және бөлшектерді 2 және 1 алыңыз. Ұсынылатын есікті ашудың сол жақ шектеуішін 1 (қапшықта) және сол жағынан бөлшекті 2 (шектеуіш тірегі) орнатыңыз және бұранданың 3 көмегімен бекітіңіз. Ары қарай қолдану үшін бөлшекті 1 сақтап қойыңыз.




8. Ортаңғы топсаны бекітетін бұрандаларды бұрап алып, топсаны алыңыз. Төменгі есікті алыңыз.




9. Төменгі есікті алдыңғы панелін жоғары қаратып жұмсақ жерге қойыңыз. Бұрданы 3 бұрап, бөлшектерді 2 және 1 алыңыз. Берілген есіктің ашылуының сол жақ шектеуішін 1 (қапшықта) және сол жағынан бөлшекті 2 (шектеуіш тірегі) орнатыңыз және бұрданың 3 көмегімен бекітіңіз. Кейін пайдалану үшін бөлшекті 1 сақтап қойыңыз.



10. Суретте көрсетілгендей ортаңғы топса саңылау тығынын сол жақтан оң жаққа ауыстырып қойыңыз.



11. Тоңазытқышты артқа қарай қисайтыңыз, бөлшекті 2 алыңыз.




12. Төменгі топсаның өзегінен бөлшекті 3 алыңыз, содан кейін төменгі топса өзегін бұрап алыңыз, кері жаққа қайта қойып, бұрап бекітіңіз.

Төменгі топсаның өзегіне бөлшекті 3 орнатыңыз.

13. 11-қадамда алынған бөлшектерді орнатыңыз. Бөлшекті 1 сол жаққа қойыңыз және

Бұрдальармен 4 бекітіңіз. Бөлшекті 2 орнатыңыз



14. Төменгі есікті төменгі топсаның өзегіне қойыңыз және осы жағдайда ұстап тұрыңыз. Ортаңғы топсаны 180° бұрыңыз, шайбаны төменгі еске қайта қойыңыз, топсаның жағдайын реттеңіз және төменгі есік сенімді бекітілуі үшін бұраңыз.



Ескертпе: Скруббер төменгі есікке жабысып қалуы мүмкін.



15. Жоғарғы есікті орнатыңыз және теңестіріңіз, содан кейін бөлшекті 2 бұрандалармен бұраңыз. Бөлшекті 2 бұрамас бұрын, топса саңылау арқылы 2 ағытпа сымын өткізіңіз, 3-тармақты қараңыз (Жоғарғы есікті қолмен ұстап тұрыңыз).



- (1) Арнайы ернемекті бұрандалар
(2) Жоғарғы топса



ДИСПЛЕЙСІЗ МОДЕЛЬ

- (1) Арнайы ернемекті бұрандалар
(2) Жоғарғы топса
(3) Электрлі ағытпа



ДИСПЛЕЙ БАР МОДЕЛЬ

16. Суретте көрсетілгендей ағытпаны 1 салыңыз, содан кейін бөлшекті 2 бұрандамен 3 бұраңыз, 2-тармақты қараңыз.



17. Жоғарғы есікті ашыңыз, сөрелерді салыңыз және есікті жабыңыз.

Ескертпе


Егер сіздің тоңазытқышыңыз тұтқамен жабдықталған болса, оны қарсы жаққа қарай орнату керек.

Ол үшін жоғарғы есікті шешіп, алдыңғы панельді жоғары қаратып жұмсақ жерге қойыңыз. Бөлшектерді 1 және 4 алыңыз, суретте көрсетілгендей бұрандаларды 2 бұрап алыңыз. Тұтқаны 3 басқа жағына ауыстырыңыз, оны бұрандалармен 2 бұрап, бөлшектерді 1 және 4 салыңыз.



Аспаптың сипаттамасы

Аспаптың түрі



- | | |
|---|---|
| 1. Корпус | 10. Реттелетін тағандар |
| 2. Жарық диодты жарық және басқару панелі | 11. Тоңазытқыш бөліктің есігі |
| 3. Бөтелкелерге арналған сөре (опция) | 12. Тоңазытқыш бөлік есігінің тығыздамасы |
| 4. Шыны сөрелер | 13. Жоғарғы есік сөресі (2 дана) |
| 5. Көкөністер мен жемістерге арналған контейнер қақпағы | 14. Төменгі есік сөресі |
| 6. Көкөністер мен жемістерге арналған контейнер | 15. Тұтқалар (опция) |
| 7. Астауша (немесе жоғарғы жәшік) | 16. Мұздатқыш бөліктің есігі |
| 8. Ортаңғы жәшік | 17. Мұздатқыш бөлік есігінің тығыздамасы |
| 9. Төменгі жәшік | |


Ескертпе

- Өндіруші бұйымдарды үнемі жетілдіріп отырады, сондықтан сіздің тоңазытқышыңыз осы нұсқаулықта берілгеннен сәл өзгеше болуы мүмкін, бірақ та оның функциялары мен пайдалану әдістері өзгеріссіз қалады.
- Мұздатқыш камерада сақтауға арналған кеңістікті арттыру үшін жәшіктерді (төменгі жәшікті қоспағанда) және мұзға арналған астаушаларды суырып алуға болады.

Басқару панелі және аспапты басқару

Аспаптың ішіндегі басқару панелі

Тоңазытқыш келесі басқару ережелеріне сәйкес қолданылады. Сіздің аспабыңызда төмендегі суреттегі басқару панелінде көрсетілгендей функциялар мен режимдер бар. Аспап бірінші рет қосылған кезде басқару панеліндегі барлық белгілер жанады. Егер сіз ешбір батырманы баспасаңыз және есік жабық болса, көмескі жарық сөнеді.



Аспаптың ішіндегі басқару панелі

Температураны орнату


Бірінші рет қосқан кезде тоңазытқыш камерасының температурасын 4°C қою ұсынылады. Температураны өзгерту үшін келесі нұсқауларды орындаңыз.


Ескерту!

Температураны орнатқанда, сіз бүкіл тоңазытқыш үшін орташа температураны орнатасыз. Әр түрлі бөлімдердегі температура тағамның мөлшері мен таралуына байланысты басқару панелінде көрсетілген температурадан өзгеше болуы мүмкін. Бөлме температурасы аспаптың ішіндегі нақты температураға да әсер етеді.

Тоңазытқыш бөлігі


- Тоңазытқыш бөліктің температурасы 2°C және 8°C арасында қою үшін батырмасын басыңыз. Дисплейде келесі ретпен мәндер кескінделеді.

Ескертпе. Егер , индикаторы жанатын болса, «Демалыс» режимі жанады. Нұсқаулықтағы «Демалыс» режимінің сипаттамасын қараңыз.




Тез мұздату (Super Freeze)

«Тез мұздату» функциясы өнімдерді тез мұздату үшін мұздатқыш бөліктегі температураны тез төмендетеді. Бұл дәрумендерді, құнарлы заттарды сақтайды және өнімдердің сақтау мерзімін арттырады.


- «Тез мұздатуды» қосу үшін , батырмасын басып, 3 секунд басулы ұстаңыз.
- Функцияны қосқан кезде тиісті индикатор жанады және мұздату камерасында -24°C температура болады.
- Өнімдердің максималды мөлшері салынған болса, 24 сағат күтіңіз.
- Функция 52 сағаттан кейін автоматты түрде сөнеді және мұздату камерасының температурасы бұрын қойылған мәнге оралады.

Демалыс



Функцияны ұзақ уақытқа кеткен кезде қосу ұсынылады. Функцияны қосу үшін , батырмасын басыңыз.

Функцияны қосқан кезде индикатор жанады. «Демалыс» режимінде мұздатқыш бөлікте автоматты түрде -18°C , ал тоңазытқыш бөлікте 15°C температурасы қойылады.

Маңызды! «Демалыс» режимінде тоңазытқыш бөлігінде өнімдерді сақтамаңыз, себебі олар бұзылып кетуі мүмкін.


Қосу және өшіру батырмасы  (аспаптың ішіндегі басқару панелі)

Осы батырманы басу арқылы аспапты қосуға немесе өшіруге болады.

-  батырмасын басып, 3 секунд басулы ұстаңыз. Дыбыстық сигнал естіледі және аспап сөнеді.
-  батырмасын басып, 1 секунд басулы ұстаңыз. Дыбыстық сигнал естіледі және аспап қосылады.

БАСҚАРУ ПАНЕЛІ ЖӘНЕ АСПАПТЫ БАСҚАРУ

Аспаптың сыртқы басқару панелі




Температураны орнату


Бірінші рет қосқан кезде тоңазытқыш камерасының температурасын 4°C қою ұсынылады. Температураны өзгерту үшін келесі нұсқауларды орындаңыз.

Ескерту! Температураны жоғары деңгейге қою тағамның бұзылуын тездетеді.


Мұқият! Температураны орнатқанда, сіз бүкіл тоңазытқыш үшін орташа температураны орнатасыз. Әр түрлі бөлімдердегі температура тағамның мөлшері мен таралуына байланысты басқару панелінде көрсетілген температурадан өзгеше болуы мүмкін. Бөлме температурасы аспаптың ішіндегі нақты температураға да әсер етеді.

Тоңазытқыш

«ZONE CHOICE» түймесін басыңыз, «» индикаторы жанады. Содан кейін «SET TEMP» түймесін басыңыз. (температура параметрі) тоңазытқыш температурасын қажет болғанда 2°C пен 8°C аралығында орнату үшін басқару тақтасы сәйкес мәндерді келесі ретпен көрсетеді.



Мұздатқыш бөлім

«ZONE CHOICE» түймесін басыңыз, «» индикаторы жанады. Содан кейін «SET TEMP» түймесін басыңыз (температура параметрі) мұздатқыш камерасының температурасын қажет болғанда -14°C пен -24°C аралығында орнату үшін басқару тақтасы сәйкес мәндерді келесі ретпен көрсетеді.



Тез мұздату (Super Freeze)



«Тез мұздату» функциясы өнімдерді тез мұздату үшін мұздатқыш бөліктегі температураны тез төмендетеді. Бұл дәрумендерді, құнарлы заттарды сақтайды және өнімдердің сақтау мерзімін арттырады.

- «Тез мұздатуды» қосу үшін “SUPER” (супер), батырмасын басып ұстаңыз.
- Функцияны қосқан кезде тиісті индикатор жанады және мұздату камерасында - 24°С температура болады.
- Өнімдердің максималды мөлшері салынған болса, 24 сағат күтіңіз.
- Функция 52 сағаттан кейін автоматты түрде сөнеді және мұздату камерасының температурасы бұрын қойылған мәнге оралады.

Энергияны үнемдеу



Бұл мүмкіндік мұздатқыш камераның қуатты үнемдеу режимінде жұмыс істеуіне мүмкіндік береді, бұл сіз жоқ кезде қуатты тұтынуды азайту үшін пайдалы.

- Қуатты үнемдеу режиміне өту үшін “ECO MODE” түймесін басуға болады.
- Қуатты үнемдеу режимі қосылғанда индикатор жанады.

Мұздатқыш камерасының температурасы -17 ° С, ал тоңазытқыштың температурасы 6 ° С болады.

Тоңазытқышты қосу немесе өшіру

Бұл түймені басу арқылы құрылғыны қосуға немесе өшіруге болады.

- «  » түймесін 3 секунд басыңыз, дыбыстық сигнал бергеннен кейін (сонымен қатар дисплейде «OFF» (өшірулі) көрсетіледі), құрылғы өшіріледі.
- «  » түймесін 3 секунд басыңыз, дыбыстық сигналдан кейін құрылғы қосылады.

Ашық есік дабылы


- Егер тоңазытқыштың есігі 2 минуттан артық ашық болса, 8 минуттан кейін автоматты түрде тоқтайтын дыбыстық сигнал шығады (әр 1 минут сайын 3 дыбыстық сигнал).
- Энергияны үнемдеу үшін есікті ұзақ уақыт ашық ұстамаңыз. Есікті ашу дабылы сіз есікті жапқан бойда өшеді.

Аспапты қолдану

Аспаптың ішкі жабдықтары бар. Бұл бөлімде сіз жабдықты пайдалану туралы толық ақпарат таба аласыз.

Есік сөрелері

- Есіктерде жұмыртқа, құтылар мен сусындардың бөтелкелерін, тағамдарды кішкене қапшықтарын, сықпаларды сақтауға арналған сөрелер бар. Есік сөрелеріне ауыр заттарды қоймаңыз



Тоңазытқыш бөлігіндегі сөрелер

- Тоңазытқыш бөлігі үш шыны сөрелемен жабдықталған. Тазалау үшін сөрелерді алуға болады.



Балғындық аймағының контейнері (опция)

- Кейбір модельдер балғындық аймағының контейнерімен жабдықталған. Балықты, етті және басқа тез бұзылатын тағамдарды қысқа мерзімге сақтау үшін оны төмен температурада ұстауға болады. Әдетте контейнердегі температура тоңазытқыштың қалған бөлігіне қарағанда 2 ° C төмен. Контейнердегі температура жүгіртпемен реттеледі. Төмендегі кестеде тағамды сақтауға арналған нұсқаулар келтірілген.


T/б	Жүгіртпенің	Өнімдер	Сақтау
температу	жағдайы		мерзімі
раны қою			
2°C	Шеткі оң жақ	Балық, ет	< 3 күн
5°C	Шеткі оң жақ	Жемістер	< 3 апта
8°C	Шеткі оң жақ	Көкөністер	< 5 күн

Ескертпе. Қоршаған ортаның температурасы және тоңазытқыш бөлігінде қойылған температура балғындық аймағы контейнерінің ішіндегі нақты температураға әсер етеді. Контейнердің ішіндегі температура нөлден төмен түсуі мүмкін, сондықтан контейнердегі сұйықтық мұздауы мүмкін.



Көкөністер мен жемістерге арналған контейнер қақпағы

- Қақпақ контейнердің ішіндегі ылғалды бақылауға көмектеседі және көкөністерге ылғалды жоғалтпауға көмектеседі.
- Қақпақтағы жүгіртпе жәшіктегі ылғал деңгейін реттеуге мүмкіндік береді. Ылғалдылықты арттыру және көкөністер мен жемістердің балғындығын ары қарай сақтау үшін жүгіртпені солға қарай жылжытыңыз. Ылғалды азайту үшін жүгіртпені оңға қарай жылжытыңыз.



Жүгіртпе

Контейнердің қақпағы

Көкөністер мен жемістерге арналған контейнер

- Көкөністер мен жемістерге арналған контейнер көкөністер мен жемістерді сақтауға арналған.

Мұздатқыш бөліктің жәшіктері

Жәшіктер мұздатылған өнімдерді, мысалы, бүйірінен ұстап, мұз қабырғалардан етті, балықты, балмұздақты және басқа ажырауы үшін абайлап бұраңыз. өнімдерді мұздатуға және ұзақ уақыт сақтауға арналған.

**Мұзға арналған ыдыс**

Мұз текшелерін дайындау үшін қолданылады. Мұз дайындау үшін ыдысқа максималды деңгей белгісінен аспайтын су құйыңыз (су ыдыс көлемінің 80 пайызын алуы керек). Ыдысты мұздатқыш камераның жәшігіне салыңыз да, кем дегенде екі сағат күтіңіз.

Пайдалы кеңестер мен ұсыныстар

Электр энергиясын үнемдеу бойынша кеңестер

Электр энергиясын үнемдеу үшін осы кеңестерді орындауға кеңес береміз.

- Есіктерді ұзақ уақыт ашық ұстамаңыз.
- Аспапты жылу көздерінің (тура күн сәулесі, электрлі духовка немесе плита) қасында орнатпаңыз.
- Аспаптың ішінде температураны талап етілетін мәннен төмен қоймаңыз.
- Өнімдерді аспапқа салу алдында қалқыны бөлме температурасына дейін салқындатыңыз.
- Аспапты құрғақ, желдетілетін жайда орнатыңыз. «Орнату» бөлімін қараңыз.
- Нұсқаулықтағы схема жәшіктердің, көкөністерге және жемістерге арналған контейнерлердің және сөрелердің оңтайлы орналасуын көрсетеді. Мұндай орналасуды сақтаңыз, себебі ол максималды энергия тиімділікті қамтамасыз етеді.

Өнімдерді сақтау бойынша жалпы кеңестер

- Жылы және ыстық тамақ өнімдерін бірден тоңазытқыш немесе мұздатқыш бөлікке салмаңыз, ішкі температура артады, бұл компрессордың қарқынды жұмысына және энергияны көп тұтынуға алып келеді.
- Тамақ өнімдерін жабыңыз немесе қаптанаңыз, әсіресе олардың иісі өткір болса.
- Аспаптың айналасында ауаның еркін айналатындай түрде өнімдерді салыңыз.

Тоңазыту бөлігінде өнімдерді салқындату бойынша кеңестер

- ЕТ (барлық түрлері): полиэтилен (пластик) қапшықтарға салып, көкөністер мен жемістерге арналған контейнердің үстіндегі сөреге қойыңыз. Қаптамада көрсетілген сақтау мерзімдерін әрқашан сақтаңыз.
- Дайын өнімдерді, суық тағамдарды және т.б.: жабу керек және кез келген сөреге салуға болады.
- Көкөністер мен жемістер: көкөністер мен жемістерге арналған контейнерде сақтаңыз.
- Сарымай мен ірімшік: тағамдық үлдірге орау керек.

- Сүт құйылған бөтелкелерді қақпақпен жабу керек және есікте орналасқан сөреде сақтауға болады.

Мұздатуға қатысты кеңестер

- Бірінші рет іске қосылғанда немесе егер аспап ұзақ уақыт бойы қолданылмаған болса, өте төмен температураны қойыңыз және аспапты кем дегенде 2 сағат бойы жұмыс істеуге қалдырыңыз. Содан кейін өнімдерді жүктеңіз.
- Өнімдерді аздаған үлестермен ораңыз. Осылай олар тез және толығымен мұздатылады және кейін қажет мөлшерді ғана жібітуге болады.
- Өнімді алюминий фольгаға немесе полиэтилен қапшықтарға ораңыз. Өнімдердің саңылаусыз қапталғанын тексеріңіз.
- Температураның артуын болдырмау үшін балғын өнімдердің бұрыннан мұздатылған өнімдермен жанасуына жол бермеңіз.
- Мұздай өнімдерді мұздатқыш камерадан ала сала тұтыну терінің суықпен үсіп қалуына алып келуі мүмкін.
- Егер өнімдерді өзіңіз мұздататын болсаңыз, сақтау мерзімін сақтау үшін мұздату күнін көрсетіңіз.

Мұздатқыш бөлікте өнімдерді сақтау бойынша кеңестер

- Дайын мұздатылған өнімдерді сатып алған кезде сақтау шарттары орындалғанын және қаптаманың бұзылмағанын тексеріңіз.
- Жібіген өнімдерді қайтадан мұздатуға жол бермеңіз. Қаптамада көрсетілген сақтау мерзімін асырмаңыз.

Аспапты сөндіру

Егер аспапты пайдаланудан ұзақ уақытқа шығару керек болса, көктің пайда болуын болдырмас үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

1. Өнімдерді аспаптан алыңыз.
 2. Қуат баусымының ашасын розеткадан суырыңыз.
 3. Ішкі беттерін жақсылап тазалаңыз және кептіріңіз.
- Желдету үшін есікті аздап ашық қалдырыңыз.

Тазалау және күтім

Гигиеналық мақсаттарда аспапты, соның ішінде жабдықтың сыртқы және ішкі беттерін әрбір екі айда тазалаңыз.

Ескерту!

Аспапты тазалау кезінде аспапты электр желісінен ажырату керек. Тазалау және қызмет көрсету алдында аспапты сөндіріңіз және қуат баусымының ашасын розеткадан суырыңыз немесе сақтандырғышты сөндіріңіз.

Сыртқы беттер

Аспаптың тартымды сыртқы түрін сақтау үшін оны үнемі тазалап отырыңыз.

- Басқару панелін және дисплейді таза жұмсақ матамен сүртіңіз.
- Аспаптың бетіне суды бүрікпеңіз. Аспапты тазалайтын матаға бүркіңіз, осылай ылғал тазартылатын бетпен біркелкі таралады.
- Жұмсақ тазартқыш құралды қолданумен есікті, тұтқаны және корпусы тазалаңыз. Содан кейін бетті жұмсақ матамен сүртіңіз.

Назар аударыңыз!

- Үшкір заттарды қолдануға болмайды, себебі олар бетті сызуы мүмкін.
- Тазалау үшін еріткіштерді, автомобильді жууға арналған құралдарды, ағартқыштарды, эфир майларын, абразивтік тазартқыш құралдарды және органикалық еріткіштерді (мысалы, бензин) қолданбаңыз, себебі олар бетті зақымдауы немесе өртке алып келуі мүмкін.

Ішкі беттер

Ішкі беттерді және жабдықты үнемі тазалап отырыңыз. Аспапта өнімдер аз болған кезде тазалау оңайырақ болады. Ішкі беттерді ас содасының әлсіз сулы ерітіндісімен сүртіңіз, содан кейін жылы суға салынған губкамен немесе матамен сүртіңіз. Сөрелер мен жәшіктерді салу алдында аспаптың ішкі беттерін құрғата сүртіңіз..

Ішкі беттерді және жабдықты толығымен кептіріңіз.

Аспап автоматты түрде жібіту жүйесімен жабдықталған. Алайда, мұздатқыш камераның бүйірлерінде мұз пайда болуы мүмкін, әсіресе егер сіз мұздатқыш камераның есігін жиі ашсаңыз немесе оны ұзақ уақыт ашық ұстасаңыз. Егер мұздың қалың қабаты пайда болса, мұздатқыш камерада өнімдер аз болатын уақытты таңдап, келесі әрекеттерді орындаңыз.

1. Өнімдерді, жәшіктерді және басқа керек-жарақтарды алыңыз. Аспапты электр желісінен ажыратыңыз және мұздатқыш бөліктің есігін ашық қалдырыңыз. Жібітуді тездету үшін аспап орналасқан жайды желдетіңіз.

2. Мұз еріген кезде жоғарыда сипатталғандай мұздатқыш бөлікті тазалаңыз.

Назар аударыңыз!

Мұздатқыш камерадағы мұзды кетіру үшін үшкір заттарды пайдалануға болмайды. Ішкі беттері толығымен кепкенше аспапты қоспаңыз және оны розеткаға қоспаңыз.

Есіктердің тығыздамасы

Есіктер тығыздамаларының тазалығын қадағалаңыз. Жабысқақ заттар және сусындар салдарынан тығыздама корпусқа жабысуы және есікті ашқан кезде жыртылуы мүмкін. Тығыздаманы жылы сумен және жұмсақ жуғыш құралмен тазалаңыз. Тазалағаннан кейін құрғата сүртіңіз.

Назар аударыңыз! Аспапты тығыздама толық құрғағаннан кейін қосуға болады.

Жарық диодты шамдарды ауыстыру ЕСКЕРТУ! Жарық диодты шамды өзіңіз ауыстырмаңыз. Егер жарық диодты шам жұмыс істемесе, сервистік орталыққа хабарласыңыз.

Бұзушылықтарды жою

Жұмыстағы бұзушылықтардың себебі ұсақ бұзушылықтар болуы мүмкін. Қызмет көрсету орталығына хабарласпас бұрын оларды өзіңіз жөндей алатыныңызды тексеріңіз (төмендегі нұсқауларды қараңыз).

Ескерту! Аспапты өзіңіз жөндеуге тырыспаңыз. Егер сізге берілген ұсыныстарға сәйкес бұзушылықты жою мүмкін болмаса, уәкілетті қызмет көрсету орталығына жүгініңіз.

Бұзушылық	Ықтимал себебі және жою
Аспап дұрыс жұмыс істемейді.	<p>Аша салынбаған немесе розеткаға дұрыс салынбаған.</p> <p>Сақтандырғыш жанған немесе ақауы бар.</p> <p>Сақтандырғышты тексеріп, қажет болса ауыстырыңыз.</p> <p>Әдетте аспап автоматты түрде жібіту циклі кезінде және компрессорды қорғау үшін аспапты қосқаннан кейін біраз уақыт жұмыс істемейді.</p>
Аспап жағымсыз иіс шығады.	<p>Аспапты тазалау қажет болуы мүмкін.</p> <p>Өнімдердің, орамның және тамақ контейнерлерінің кейбір түрлері өткір иіске ие.</p>
Аспап шу немесе әдеттен тыс дыбыстар шығарады.	<p>Аспаптың жұмысы үшін әдеттегі дыбыстар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • компрессор жұмысының дыбысы, • желдеткішпен мұздатқыш немесе басқа бөлікке бағытталатын ауа айналымының дыбысы, • қайнап жатқан су сияқты бүлкілдеу, • автоматты түрде жібіту кезінде жарықтар, • компрессорды іске қосар алдында тарсылдар. <p>Басқа ерекше шу төмендегі себептерге байланысты. Оларды жою үшін келесілерді тексеріп, шаралар қабылдау қажет:</p> <ul style="list-style-type: none"> • аспап тегістелмеген болса, • аспаптың артқы жағы қабырғаға тиіп тұрса, • ыдыс-аяқ сылдырлайды немесе құлаған бөтелке середе домалайды.
Компрессор ұзақ уақыт үздіксіз жұмыс істейді.	<p>Егер сіз жұмыс істеп тұрған компрессордың дыбысын жиі естісеңіз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • температура тым төмен орнатылған, • жақында көптеген жылы өнімдер салынған, • бөлме температурасы өте жоғары, • есік өте жиі ашылады немесе есік ұзақ уақыт бойы ашық, • сіз аспапты жаңадан орнаттыңыз және аспапты қостыңыз немесе ұзақ уақыт сөндіргеннен кейін аспапты қостыңыз.

Бұзушылық	Ықтимал себебі және жою
Қабырғаларында мұз бен аяз пайда болады.	Өнімдердің желдету саңылауларына тым жақын орналаспағанын тексеріңіз. Ауа еркін айналатындай түрде өнімдерді қойыңыз. Есіктерді мықтап жабыңыз. Мұзды кетіру үшін «Тазалау және күтім» бөліміндегі нұсқауларды қараңыз.
Өте жоғары температура.	Есікті өте жиі ашылады немесе есік ұзақ уақыт бойы ашық. Есіктің тығыз жабылуына бірдеңе кедергі болып тұр. Аспаптың артқы, жоғарғы және бүйір жақтарынан минималды қашықтықтар сақталмаған.
Өте төмен температура.	«Басқару панелі және аспапты басқару» бөлімінде сипатталғандай аспаптың ішіндегі температураны арттырыңыз.
Есік жабылмайды.	Есік өздігінен жабылуы үшін аспаптың 10-15 мм артқа қарай қисайтыңыз. Мүмкін қандай да бір зат есіктің қатты жабылуына кедергі келтіруі мүмкін.
Су еденге ағып жатыр.	Ыдыстың және еріген суға арналған түтіктің орналасуын тексеру үшін аспапты жылжыту қажет болуы мүмкін. Аспаптың артқы қабырғасының төменгі бөлігінде орналасқан еріген суға арналған ыдыс көлденең тұрғанын тексеріңіз. Компрессордың үстінде орналасқан еріген суға арналған түтік еріген суға арналған ыдысқа бағытталғанын тексеріңіз. Сонымен қатар түтік бітеліп қалуы мүмкін. Аспап электр қуатындағы іркілістің салдарынан ұзақ уақытқа сөндірілуі мүмкін. Нәтижесінде мұз ериді және су еденге ағады.
Жарықтандыру жұмыс істемейді	<ul style="list-style-type: none"> • Жарық диодты шам жұмыс істемейді. Шамды ауыстыру бойынша нұсқауларды «Тазалау және күтім» бөлімінен қараңыз. • Жарықтандыру сөнді, себебі есік ұзақ уақыт бойы ашық. Жарықтандыруды қосу үшін есікті жабыңыз және ашыңыз.

Кәдеге жарату

Бұйымды тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға болмайды.

Қаптама


Қайта өңдеу белгісі бар қаптама материалдар екіншілік қайта өңдеуге жатады.

Қаптаманы қайта өңдеуге арналған тиісті контейнерге тастаңыз.

Аспапты пайдаланылған техниканы қабылдау орнына өткізу алдында

- Қуат баусымының ашасын розеткадан суырыңыз.
- Қуат баусымын кесіңіз және ашасымен бірге кәдеге жаратыңыз.

ЕСКЕРТУ! Аспаптың құрамында салқындатқыш агент және оқшаулағыш қабатта газ бар. Салқындатқыш агент және газ тиісті түрде кәдеге жаратылуы тиіс, себебі олар көздің жарақаттануына немесе тұтануға алып келуі мүмкін. Кәдеге жарату алдында салқындату контурының түтігі зақымдалмағанын тексеріңіз.

Бұйымды дұрыс кәдеге жарату	
	<p>Бұйымдағы немесе оның қаптамасындағы бұл таңбалама басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға болмайтынын көрсетеді. Кейін кәдеге жарату үшін бұйымды тиісті электрондық және электр жабдықты қабылдау пунктіне өткізу керек. Бұйымды кәдеге жарату ережелерін орындай отыра, сіз ұқсас қалдықтарды дұрыс емес қолдану салдарынан болуы мүмкін адамдардың өміріне және қоршаған ортаға нұқсан келтірудің алдын алуға көмектесесіз. Бұйымды кәдеге жарату туралы толық ақпарат алу үшін жергілікті билікке, қалдықтарды шығару және кәдеге жарату қызметіне немесе сіз бұйымды сатып алған дүкенге хабарласыңыз.</p>

Өнімдердің ластануын болдырмау үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- Есікті ұзақ уақыт бойы ашық ұстамаңыз. Бұл аспаптың бөліктерінде температураның айтарлықтай өсуіне әкелуі мүмкін.
- Тамақ өнімдерімен жанасуы мүмкін беттерді және қол жетімді дренаж жүйелерін үнемі тазалап отырыңыз.
- Ет, балық және олардың шырыны басқа өнімдермен жанаспауы үшін шикі етті және балықты тоңазытқышта ыдыстарда сақтаңыз.
- «Екі жұлдызша» таңбаламасы бар мұздатқыш бөлік алдын ала мұздатылған өнімдерді сақтауға, балмұздақты сақтауға немесе дайындауға және мұз текшелерін дайындауға арналған.
- «Бір жұлдызша», «екі жұлдызша» және «үш жұлдызша» бар мұздатқыш бөліктер балғын өнімдерді мұздатуға арналмаған.

№	Бөліктің типі	Сақтау температурасы, °C	Өнімдер
1	Тоңазытқыш бөлігі	+2~+8	Жұмыртқа, дайын тағамдар, қапталған өнімдер, жемістер және көкөністер, сүт өнімдері, кондитерлік өнімдер, сусындар және мұздатуға болмайтын басқа өнімдер..
2	«4 жұлдызша» (***)*таңбаламасы бар мұздатқыш бөлік	≤-18	Теңіз өнімдері (балық, асшаяндар, ұлулар), тұщы су өнімдері және ет өнімдері (ұсынылатын сақтау мерзімі 3 ай, тағамдық құндылығы және дәмі уақыт барысында азаяды). Балғын өнімдерді мұздату үшін қолдануға болады.
3	«3 жұлдызша» *** таңбаламасы бар мұздатқыш бөлік	≤-18	Теңіз өнімдері (балық, асшаяндар, ұлулар), тұщы су өнімдері және ет өнімдері (ұсынылатын сақтау мерзімі 3 ай, тағамдық құндылығы және дәмі уақыт барысында азаяды). Балғын өнімдерді мұздату үшін қолдануға болмайды.
4	«2 жұлдызша» ** таңбаламасы бар мұздатқыш бөлік	≤-12	Теңіз өнімдері (балық, асшаяндар, ұлулар), тұщы су өнімдері және ет өнімдері (ұсынылатын сақтау мерзімі 2 ай, тағамдық құндылығы және дәмі уақыт барысында азаяды). Балғын өнімдерді мұздату үшін қолдануға болмайды.
5	«1 жұлдызша» * таңбаламасы бар мұздатқыш бөлік	≤-6	Теңіз өнімдері (балық, асшаяндар, ұлулар), тұщы су өнімдері және ет өнімдері (ұсынылатын сақтау мерзімі 1 ай, тағамдық құндылығы және дәмі уақыт барысында азаяды). Балғын өнімдерді мұздату үшін қолдануға болмайды.
6	Төмен температуралы бөлік (0 жұлдызша)	-6~0	Балғын шошқа еті, сиыр еті, балық, тауық еті, оралған қайта өңделген өнімдер және т.б. (бір күн ішінде тұтыну ұсынылады, бірақ 3 күннен артық емес). Вакуумдық қаптамадағы қайта өңделген өнімдер (өнімдерді мұздатуға жарамайды)..
7	Тез бұзылатын тамақ өнімдеріне арналған бөлік	-2~+3	Балғын және мұздатылған шошқа еті, сиыр еті, тауық еті, тұщы су өнімдері және т.б. (0°C төмен температура кезінде 7 күн, егер температура 0°C жоғары болса, бір күн, бірақ 2 күннен аспайтын мерзім ішінде тұтыну ұсынылады). Теңіз өнімдері (0°C төмен температура кезінде 15 күнге дейін, 0°C жоғары температура кезінде сақтау ұсынылмайды).
8	Балғын тамақ өнімдерін сақтауға арналған бөлік	0~+4	Балғын шошқа еті, сиыр еті, тауық еті, дайын тағамдар және т.б. (бір күн, бірақ 3 күннен аспайтын мерзім ішінде тұтыну ұсынылады).
9	Шарап бөлімі	+5~+20	Қызыл, ақ, көпіршікті шарап және т.б.

Ескертпе. Өнімдерді тиісті бөліктерде немесе қаптамада көрсетілген сақтау температурасына сәйкес сақтаңыз.

- Егер сіз аспапты ұзақ уақыт бойы пайдаланбайтын болсаңыз, оны сөндіріңіз, жібітіңіз, тазалаңыз, құрғатыңыз және құрылғының ішінде көктің пайда болуының алдын алу үшін есікті ашық қалдырыңыз.

Техникалық сипаттамалары

моделі	RB390N4A*1 RB390N4AIE RB390N4BWE	RB372N4A*1	RB390N4B*2	RB390N4BFE
Номиналды кернеу / жиілік, В/Гц	220~240/50	220~240/50	220~240/50	220~240/50
Салқындатқыш агент және оның салмағы, гр	R600a, 30гр	R600a, 30гр	R600a, 32гр	R600a, 32гр
Оқшаулау	Циклопентан	Циклопентан	Циклопентан	Циклопентан
Таза салмағы, кг	57	54.5	60	60
Ені/Тереңдігі/Биіктігі	595*590*1860	595*590*1785	595*590*1860	595*590*1860
Жалпы брутто көлемі, л	323	312	323	323
Пайдалы көлемі, л	300	287	300	300
Климаттық класс	SN,N,ST	SN,N,ST	SN,N,ST	SN,N,ST
Тәулігіне мұздату қабілеті, кг/тәул.	9	9	9	9
Шудың максималды деңгейі,дБ	38	38	39	39
Электр қуатында іркіліс кезінде мұздату қабілетін сақтаудың максималды уақыты, сағ	16	16	16	16

Сауда белгісі	Hisense
Өнімнің түрі	Тоңазытқыш- мұздатқыш
Өндіруші	Gorenje gospodinjski aparati, d.o.o. (Gorenje, d.o.o.) - Partizanska Cesta 12, 3320 Velenje, Slovenia
Импорттаушы	«Горенье БТ» ЖШС, Ресей, 119180, Мәскеу, Якиманская көш, 4, 1 үй, 3 қабат, үй-жай I, 55 бөлме
Қызмет ету мерзімі	7 жыл
Сервистік қызмет көрсету	Қазақстан Республикасының аумағында Hisense тұрмыстық техникаға қызмет көрсетумен уәкілетті сервистік орталықтар айналысады. Сервистік орталықтардың тізімін http://kz.hisense.com сайтынан және 8 800 200 09 99 телефон нөмірі (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін) бойынша ақпарат орталығынан сұрау арқылы табуға болады.

EAC

Қытайда жасалған

Hisense
life reimagined